**2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында (Литва Республикасы) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 маусым N 839

2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-литва ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда кемінде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың орындалу барысы туралы хабардар етсін.<*>

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 839 қаулысымен бекітілген

**2001 жылғы 4 сәуірде Вильнюс қаласында (Литва Республикасы) Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының екінші мәжілісі барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды**

іске асыру жөніндегі іс-шаралар

**Жоспары**

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.09.06. N 936 қаулысымен
.

--------------------------------------------------------------------

| Р/с! N ! | Іс-шара ! | Орындалу ! мерзімі ! | Орындалуына жауаптылар ! |
|---|---|---|---|
| 1 ! | 2 ! | 3 ! | 4 |
| 1 | Шарттық-құқықтық негізді жетілдіру: Мынадай құжаттардың жобаларын қол қоюға дайындау: | | |
| | 1) Шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы хаттама | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі |
| | 2) Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы мұнай мен газ өнеркәсібіндегі ынтымақтастық туралы меморандум | -//- | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Мұнай мен Газ Көлігі" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 2 | Ақпараттық және консультациялық ынтымақтастықты, тәжірибе алмасуды дамыту: | Тұрақты негізде | |
| | 1) Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру мәселелері бойынша; | | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| | 2) стандарттау, метрология және сертификаттау саласында; | | Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, |
| | 3) салық және кеден заңнамасы мәселелері бойынша | | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) |
| 3 | Екі жақты сауда-экономикалық ынтымақтастық көрмелерін, жәрмеңкелерін, миссияларын және басқа да нысандарын өткізу жөніндегі жұмысты жалғастыру. "Қазақстан-литва ынтымақтастығы көшбасшысы" жүлдесін тағайындау мүмкіндігін қарау | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палаталарының одағы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Көлік саласындағы ынтымақтастықты жандандыру:<br>1) Клайпеда портында бірлескен тиеу-түсіру және көлік-экспедициялық кәсіпорындар құру туралы мәселені пысықтау;<br>2) бірлескен жұмысты жалғастыру мақсатында Клайпеда теңіз портының қатысуымен екі ел темір жол | 2001 жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша), "Ақтау теңіз сауда порты" РМК (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

әкімшіліктері арасында екі жақты жұмыс тобын құру жөнінде жұмыс жүргізу:
- Литва Республикасының порттық құрылымдарын пайдалана отырып, қазақстандық экспорттық-импорттық жүктерді тасымалдаудың бәсекелес қабілетті жағдайларын қалыптастыру жөнінде,
- қазақстан жүктерін еуропа елдеріне және кейін қарай Клайпеда халықаралық паром өткелі арқылы пароммен артық салмақсыз темір жол вагондарымен тасымалдау көлемдерін өсіру, еуропа елдеріне, басқа елдерге және кейін қарай олардан қазақстан жүктері бар контейнерлердің транзиті үшін Клайпеда контейнер терминалын пайдалану мүмкіндіктерін қарау жөнінде;
3) Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен жол - құрылыс кәсіпорындарын құру мүмкіндігін қарау;
4) Клайпеда портын пайдалана отырып Трансазия темір жолы магистралының Солтүстік дәлізі бағытының құрамына қосу туралы мәселені пысықтау;
5) екі ел арасында әуе қатынасын жаңғырту жөніндегі жұмысты жандандыру;
6) бірлескен автокөлік компанияларын құруға жәрдем

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көрсету; Автомобиль көлігі жөніндегі аралас екі жақты комиссия шеңберінде екі ел арасындағы халықаралық тасымалдар бойынша рұқсатқа квотаны өсіру мүмкіндігін қарау; | | |
| | 7) транссібір тасымалдары бойынша Үйлестіру Комитетіндегі бірлескен қызметті үйлестіру жөнінде жұмыс жүргізу; | Тұрақты негізде | -//- |
| 5 | Мұнайгаз секторы саласындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастыру: | | |
| | 1) транзиттік квоталар және тарифтер мәселелерін келісу жөнінде Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Литва Республикасы арасында үш жақты келіссөздер жүргізу; | 2001 жылғы IV тоқсан | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Мұнай мен Газ Көлігі" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| | 2) табиғи және сығымдалған газ беру жөнінде Қазақстан мен Литва компаниялары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдем көрсету; 3) Клайпеда теңіз портында сығымдалған газды қайта тиеу жөніндегі терминалдың бірлескен құрылысына қатысу мүмкіндігін қарау | 2001 жыл ішінде | -//- |
| 6 | Туризм саласындағы ынтымақтастықты жалғастыру: 1) Қазақстан Республикасында және Литва Республикасында туристік ақпараттық өкілдіктер ашу жөнінде тәжірибе алмасу | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәселесін пысықтау; 2) туризм саласын жетілдіру үшін кадрлар даярлау және қайта даярлауда, Қазақстан Республикасының туристік инфрақұрылымын дамытуға инвестициялар тартуда екі жақты ынтымақтастықты дамыту; 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1248 қаулысымен бекітілген, Литва Республикасының Мемлекеттік туризм департаментімен бірлесіп Туризм саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы келісімді іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеу | | | 2001 жыл ішінде |
| 7 | Шағын және орта бизнес аясында, сондай-ақ жиhаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты дамыту. Қазақстанда жиhаз өндірісі жөнінде бірлескен кәсіпорын құруға ықпал жасау | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі, Индустрия және сауда министрлігі, Сыртқы істер министрлігі | |
| 8 | Ауыл шаруашылығы саласында, оның ішінде мынадай мәселелер бойынша ынтымақтастықты жандандыру: 1) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, 2) ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара тиімді экспорттық беру, 3) асыл тұқымды мал | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шаруашылығын дамыту, 4) инвестициялар тарту және бірлескен кәсіпорындар құру, 5) тәжірибе және ақпараттық материалдар алмасу | | |
| 9 | Қазақстан және литва кәсіпорындары арасындағы берешектерді реттеу жөніндегі жұмысты жалғастыру | 2002 жылғы мамыр | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі (шақыру), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және жою жөніндегі агенттігі" ААҚ (келісім бойынша) |
| | Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы 1992 жылғы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижелері бойынша берешектерді реттеу мүмкіндігін қарау (корреспонденттік есеп-шотқа көшкенге дейін) | 2001 жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 10 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва | Жарты жылдықта бір рет | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі (шақыру), |

| | |
|---|---|
| комиссиясы екінші мәжілісінің хаттамасын іске асыру жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы ақпарат беру | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы), Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), "Мұнай мен Газ Көлігі" Ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша), "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша), "Ақтау теңіз сауда порты" РМК (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Сауда-өнеркәсіп палаталарының одағы (келісім бойынша) |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Қазақстан Республикасында Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық қазақстан-литва комиссиясының үшінші мәжілісін өткізу | 2002 жыл | Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

-----------------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК